

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі N 1235 және 2002 жылғы 27 ақпандағы N 254 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 518 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 мамырдағы № 653 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.05.22 № 653 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі N 1235 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 33, 433-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесінде:

2 - т а р м а қ т а :

екінші абзац "судьялар болып жұмыс істеген адамдар" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ мемлекеттік нотариалдық кеңселерде жұмыс істейтін нотариустар (мемлекеттік нотариустар)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Сондай-ақ теріс себептер бойынша жұмыстан шығарылғандарды қоспағанда, прокуратура, тергеу және анықтау органдарында кемінде он жыл жұмыс істеген, адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алуға ниет білдірген прокурорлар, тергеушілер және анықтаушылар аттестациялауға жатпайды.";

4 - т а р м а қ т а :

е к і н ш і а б з а ц т а :

2) және 4) тармақшалар алынып тасталсын;

8) тармақшада "адвокаттық қызметпен айналысу құқығына" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

үшінші абзацта "2), 4)" деген сандар алынып тасталсын;

10-тармақта "ай сайын" деген сөздер "қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына

кеміне бір рет" деген сөздермен ауыстырылсын;
көрсетілген қаулыға 1, 2-қосымшаларда:
"Заңгерлік мамандығы бойынша жұмыс өтілі _____" деген жол алынып
т а с т а л с ы н ;

2) < * >

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.02. N 454
қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға
тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК